

**"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 1323 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру ережесін бекіту туралы**

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөніндегі шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы Жарлық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы " \_ \_ \_ " \_ \_ \_ \_ \_

N \_ \_ \_ Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру ережесі 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы азаматтарының ерікті тәртіппен шақыру бойынша және келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеру тәртібін айқындайды.

2. Әскери қызмет өткеру бейбіт және соғыс уақытында әскери лауазымға тағайындауды, әскери атақ беруді, аттестаттауды, әскери қызметтен босатуды, сондай-ақ әскери қызметпен байланысты басқа да жағдайларды (оқиғаларды) қамтиды.

3. Қарулы Күштердің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, Республикалық ұланның, Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері мен әскери-тергеу органдарының, Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің басқару органдары мен азаматтық қорғаныс бөлімдерінің, әскери прокуратура органдарының (бұдан әрі - басқа да әскерлер мен әскери құралымдар) әскери қызметшілері, олардың қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Ережеге сәйкес әскери қызмет өткереді.

## **1. Әскери қызмет өткеру**

4. Әскери қызмет өткеруді мынадай құрамдағы әскери қызметшілер шақыру бойынша немесе келісім-шарт бойынша жүзеге асырады:

- 1) сарбаздар (матростар);
- 2) сержанттар (старшиналар);
- 3) офицерлер.

5. Әскери қызмет өткермеген, әскери (арнаулы) оқу орындарында оқитын азаматтардың келісім-шарт жасалғанға дейін шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер мәртебесі бар.

6. Шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер бейбіт уақытта олардың келісімі бойынша олар кемінде алты ай әскери қызмет өткергеннен және әскери-есептік мамандықтар бойынша тиісті даярлығы болған кезде қарулы қақтығыстар жағдайында (жауынгерлік іс-қимылдарға қатысу үшін) міндеттерді орындау үшін жіберілуі мүмкін (соның ішінде бөлімше, әскери бөлім, жауынгерлік контингент құрамында).

## **2. Әскери қызметтің басталуы, мерзімдері және аяқталуы**

7. Әскери қызметтің басталуы мыналар болып саналады:

1) әскери қызметке шақырылған азаматтар үшін - облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) жергілікті әскери басқару органдарынан жергілікті әскери басқару органдары тиісті бастығының оны шақыру туралы бұйрығында белгіленген әскери қызмет өткеру орнына кеткен күн (күні);

2) келісім-шарт бойынша әскери қызметке кірген азаматтар үшін - әскери бөлім жеке құрамының тізіміне енгізу туралы әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығы шыққан күн (күні);

3) әскери қызметте болмаған, әскери (арнаулы) оқу орнына түскен азаматтар үшін - көрсетілген әскери (арнаулы) оқу орнына қабылданған күн (күні).

8. Әскери қызмет мерзімдері "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі - Заң) белгіленген және:

1) шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін - шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі соңғы айының тиісті күні;

2) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін - келісім-шарт мерзімі соңғы айының тиісті күні аяқталады.

Әскери қызмет мерзімінің аяқталуы тиісті күн жоқ айға келген жағдайда көрсетілген мерзім сол айдың соңғы күні аяқталады.

9. Әскери қызмет аяқталған күн (соңғы күн) әскери қызметшіні әскери бөлім жеке құрамының тізімінен шығару туралы бөлім командирінің (бастығының) бұйрығы шыққан күн болып саналады.

10. Әскери бөлімді немесе әскери қызмет орнын өз еркімен тастап кеткен уақыты, сондай-ақ әскери қызмет бойынша шектеу түрінде жазасын өтеу уақыты әскери қызметшінің әскери қызмет мерзіміне есептелмейді.

11. Әскери қызметші әскери қызметінің жалпы ұзақтығы (еңбек сіңірген жылдары) шақыру бойынша сияқты, келісім-шарт бойынша, соның ішінде әскери қызметке қайта кіру кезіндегі де оның әскери қызметінің барлық уақытын қамтиды.

Әскери қызметтің жалпы ұзақтығын анықтау заңнамада белгіленген тәртіппен күнтізбелік және жеңілдік есептеумен жүргізіледі.

## **2-тарау. Келісім-шарт жасасу тәртібі және оның**

### **қолданысын тоқтату 1. Келісім-шарт жасасу және оның қолданысын тоқтату**

12. Әскери қызмет өткеру туралы келісім-шартты азамат Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың уәкілетті лауазымды адамымен ерікті тәртіппен, жазбаша түрде осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша ж а с а й д ы .

Қарулы Күштердің уәкілетті лауазымды адамы жергілікті әскери басқару органының басшысы болып табылады, ал басқа да әскерлер мен әскери құралымдар үшін - уәкілетті орган басшысының шешімі бойынша.

Уәкілетті органға құрылымында әскери қызмет өткеру көзделген мемлекеттік орган ж а т а д ы .

Келісім-шарт алғашқы немесе жаңа болуы мүмкін.

Бұл ретте алғашқы келісім-шарт азаматпен немесе әскери қызметшімен

келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіру кезінде, соның ішінде келісім-шарт бойынша әскери қызметке қайта кіру кезінде жасалады.

Жаңа келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшімен:

1) Заңның 8-бабының 3-тармағымен айқындалған әскери лауазымның құрамы өзгерген;

2) әскери қызмет мерзімін ұзартқан;

3) бір уәкілетті органнан басқасына ауысқан жағдайларда жасалады.

Әскери қызмет өткеру туралы келісім-шарт азаматпен Заңның 30-бабының 2-тармағымен көзделген негіздер болған кезде жасалмайды.

13. Келісім-шартта әскери қызмет өткеру шарттары, азаматтың келісім-шартта белгіленген мерзім ішінде Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызмет өткеру міндеті, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, кепілдіктер мен өтемақылар алуды қоса алғанда, азаматтың өз құқықтары мен оның отбасы мүшелері құқықтарының сақталу құқығы бекітіледі.

14. Келісім-шарт кемінде екі данада, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады және әрқайсысына оны жасасқан адамдар қол қояды. Келісім-шартқа қол қойған лауазымды адамның қолы мөрмен расталады.

Келісім-шарттың бірінші данасы келісім-шарт жасасқан әскери қызметші жеке ісінің бірінші данасына тігіледі, ал екінші данасы әскери қызметшіге қол қойғызылып беріледі.

15. Келісім-шарт Заңның 29-бабының 2-тармағына сәйкес өз қолданысын тоқтатады.

16. Келісім-шарттың қолданысын тоқтату туралы оның қолданысын тоқтатқан күні мен негіздерін көрсете отырып, жазба жазылады. Жазба әскери қызметшінің жеке ісіндегі келісім-шарттың бірінші данасына жазылады, командирдің қолымен және әскери бөлімнің елтаңбалы мөрімен расталады.

Әскери қызметшінің тілегі бойынша осындай жазу әскери қызметшіде болатын келісім-шарттың екінші данасына жазылуы мүмкін.

17. Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындаған әскери қызметшілер тиісті лауазымдағы әскери қызметті келісім-шарт жасамастан өткереді.

Көрсетілген лауазымға тағайындалғанға дейін әскери қызметшілердің осы санатымен жасалған келісім-шарттар өз қолданысын тоқтатады. Олардың келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің мәртебесі сақталады.

18. Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындаған әскери қызметші лауазымынан босатылғаннан кейін ол осы Ережемен айқындалған тәртіппен жаңа келісім-шарт жасайды немесе әскери қызметтен босатылады.

## 2. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке азаматтар арасынан кандидаттарды іріктеу

19. Әскери қызметте болмаған, келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіруге ниет білдірген азамат уәкілетті лауазымды адамға өтініш береді.

Республикадан тысқары жерлерде тұратын, келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіруге ниет білдірген Қазақстан Республикасының азаматы тек Қазақстан Республикасына тұрақты тұрғылықты жеріне келгеннен кейін өтініш беруге құқылы.

20. Өтініште:

- 1) азаматтың тегі, аты және әкесінің аты, оның туған күні, айы мен жылы;
- 2) тұрғылықты жері;
- 3) азамат келісім-шарт жасауға ниет білдірген уәкілетті органның атауы;
- 4) келісім-шарт жасау болжалатын мерзім көрсетіледі.

21. Өтінішпен бірге азамат өз жеке басы мен азаматтығын куәландыратын құжатты ұсынады және:

- 1) белгіленген үлгідегі бланкіде сауалнама деректерін;
- 2) өз қолымен жазылған өмірбаянын;
- 3) белгіленген тәртіппен жеке басы куәлігінің, бар болған кезде еңбек кітапшасының, білімі туралы құжаттарының, неке және балаларының туу туралы куәліктерінің расталған көшірмелерін.

Уәкілетті органдар құзыретіне сәйкес және әскери қызметті өткеру ерекшелігіне сәйкес қосымша құжаттар талап етуі мүмкін.

22. Уәкілетті лауазымды адамдар келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіруге ниет білдірген азаматтардың келіп түскен өтініштерін тіркейді және қарауға қабылдайды. Өтініші қарауға қабылданған азамат келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіруге кандидат (бұдан әрі - кандидат) болып табылады.

23. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіруге ниет білдірген азаматтың өтініші Заңның 30-бабымен айқындалған талаптарға кандидат сәйкес келмеген кезде қабылдамауға жатады.

24. Кандидатқа жеке ісі және басқа да қажетті құжаттар ресімделеді.

Қажетті құжаттардың тізбесін, оларды ресімдеу тәртібін, сондай-ақ тексеру жүргізу мерзімдерін уәкілетті органдардың басшылары айқындайды.

25. Уәкілетті лауазымды адам кандидаттың қабылданған өтінішін алдын ала үш жұмыс күні ішінде қарайды, одан кейін:

- 1) әскери қызметке жарамдылығы мәніне, денсаулық жағдайына;
- 2) кәсіптік психологиялық жарамдылығына;
- 3) соттылығының болуына қосымша тексеріс ұйымдастырады.

Қажет болған кезде белгіленген тәртіппен кандидат мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсаттама ресімдеу рәсімінен өтеді.

Уәкілетті органдарда кандидаттардың өтініштерін қарау тәртібін бірінші басшылар а й қ ы н д а й д ы .

26. Кандидатты медициналық куәландыру Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери-дәрігерлік сараптама өткізу ережелеріне (бұдан әрі - Әскери-дәрігерлік сараптама ережесі) сәйкес ж ү р г і з і л е д і .

27. Кәсіптік психологиялық іріктеу жөніндегі іс-шараларды тиісті мамандар жүргізеді. Бұл ретте санаткерлік даму деңгейі, әскери қызметті өткеруге психологиялық жарамдылығы, ойлау шапшаңдығы, байланыс бейімділігі және тексерілетін кандидаттардың әскери қызмет үшін кәсіби маңызды басқа да қасиеттері б а ғ а л а н а д ы .

28. Кәсіптік психологиялық іріктеу нәтижелері бойынша нақты әскери лауазымдарда келісім-шарт бойынша әскери қызметке кандидаттың кәсіби жарамдылығы туралы мынадай қорытындылардың біреуі шығарылады:

- 1) бірінші кезекте ұсынылады - бірінші санат;
- 2) ұсынылады - екінші санат;
- 3) шартты түрде ұсынылады - үшінші санат;
- 4) ұсынылмайды - төртінші санат.

29. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіру үшін белгіленген талаптарға сәйкес келген кандидаттың құжаттары кандидаттың кәсіби жарамдылығы бойынша конкурс ұйымдастыру үшін уәкілетті органға жіберіледі.

30. Кәсіби іріктеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды, тәртібін және өткізу әдістемесін уәкілетті органдардың басшылары айқындайды.

31. Кандидат білімі және дене дайындығының деңгейі бойынша уәкілетті органның басшысы белгілеген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Кандидаттарды конкурс өтетін орынға жіберуді жергілікті әскери басқару органы уәкілетті органның хабарламасында көрсетілген мерзімге, бірақ екі айда кемінде бір р е т ж ү з е г е а с ы р а д ы .

32. Конкурса қатысу үшін келген азаматтың кандидатурасын оның құру және жұмыс істеу тәртібін уәкілетті орган айқындайтын конкурстық комиссия қарайды. Қажет кезінде уәкілетті органның шешімі бойынша кандидат медициналық куәландырудан қосымша өту үшін жіберілуі мүмкін.

33. Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Іріктелген кандидатқа бес күн ішінде хаттамадан үзінді беріледі.

Қалған кандидаттарға бас тарту себептерін көрсете отырып, конкурстық комиссия шешімінің көшірмесі беріледі.

34. Уәкілетті лауазымды адам конкурстық комиссияның хаттамасынан үзінді келіп түскен кезде үш күн ішінде кандидатпен келісім-шарт жасасады, қажетті материалдарды ресімдейді және жеке құрам бойынша бұйрық шығару үшін уәкілетті

о р г а н ғ а ж і б е р е д і .

35. Келісім-шарт жасасқаннан кейін кандидат үш күн ішінде жергілікті әскери басқару органы басшысының шешімімен хаттамаға сәйкес әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) иелігіне жіберіледі.

36. Уәкілетті орган конкурстың нәтижелері туралы құжатты алғаннан кейін екі ай ішінде іріктелген кандидаттарға қатысты әскери лауазымға тағайындау туралы жеке құрам бойынша бұйрық шығарады.

Бұйрықтан үзінділер жергілікті әскери басқару органына және әскери бөлімге (мекемеге) жіберіледі.

37. Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) кандидат келгеннен кейін оны бөлім жеке құрамының тізіміне тіркейді және лауазымды атқаруға уақытша жібереді.

38. Жеке құрам бойынша бұйрықтан үзінді келіп түскен кезде әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) әскери қызметшінің лауазымға кірісуі туралы бұйрық шығарады.

### **3. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке әскери қызметшілер қатарынан кандидаттарды іріктеу**

39. Шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін және келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіруге ниет білдірген әскери қызметші әскери бөлімнің (мекеменің) командиріне (бастығына) баянат береді.

40. Әскери қызметші баянатпен бірге Осы Ереженің 21-тармағында көзделген құжаттар тізбесін ұсынады.

41. Шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін және келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіруге ниет білдірген әскери қызметшінің баянаты тіркеледі және әскери бөлімнің командирі қарауға қабылдайды. Әскери бөлімнің командирі шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің баянатын қарайды және он күн мерзімде ол бойынша шешім қабылдайды.

Баянаты қарауға қабылданған әскери қызметші кандидат болып табылады.

42. Әскери бөлімнің командирі баянатты қарап, мынадай нұсқаулар береді:

- 1) кандидатты медициналық куәландырудан өткізу туралы;
- 2) кәсіби психологиялық іріктеу жөнінде іс-шаралар өткізу туралы;
- 3) келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер үшін белгіленген талаптарға оның білімінің, кәсіби және дене дайындығы деңгейінің сәйкестігін тексеру туралы;
- 4) оның кандидатурасын әскери бөлімнің аттестаттау комиссиясының қарауы туралы.

43. Кандидат қажет жағдайларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсаттама рәсімдеу рәсімінен өтеді.

44. Кандидаттың келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіретіндер үшін белгіленген талаптарға сәйкестігін әскери бөлімнің аттестаттау комиссиясы айқындайды. Кандидаттың келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіретіндер үшін белгіленген талаптарға сәйкес еместігі туралы шешімді Заңның 30-бабында көзделген жағдайлар болған кезде әскери бөлімнің аттестаттау комиссиясы қабылдайды.

Комиссия шешімінің көшірмесі әскери қызметшіге оның өтініші бойынша шешім қабылданған күнінен бастап үш күн ішінде беріледі.

45. Құжаттар ресімделгеннен кейін материалдар осы Ережеге сәйкес келісім-шарт жасасу үшін уәкілетті лауазымды адамға жіберіледі.

#### **4. Әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен әскери қызметшілермен әскери қызмет мерзімін ұзарту кезінде келісім-шарттар жасасу**

46. Әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен және әскери қызметті жалғастыруға ниет білдірген әскери қызметшілермен уәкілетті органның басшысы айқындаған мерзімге жаңа келісім-шарт жасалады, бірақ бес жылдан аспайды.

47. Әскери қызмет мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған кезде мыналар е с к е р і л е д і :

кәсіби даярлығы және атқаратын лауазымы бойынша жұмыс тәжірибесі;  
әскери қызмет өткеру үшін денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы;  
әскери-есептік мамандыққа немесе арнайы дайындыққа сәйкес бос лауазымның б о л у ы .

48. Әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен әскери қызметші жаңа келісім-шарт жасасу үшін қолданыстағы келісім-шарт мерзімінің аяқталуына дейін кемінде төрт ай қалғанда көрсетілген әскери қызметшімен келісім-шарт жасасу туралы шешім қабылдауға құқығы бар лауазымды адамға баянат береді.

Б а я н а т п е н б і р г е :

атқарып отырған лауазымы бойынша қызметтік мінездеме;  
әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы;  
қажет кезінде уәкілетті органның басшысы айқындайтын басқа да құжаттар ұ с ы н ы л а д ы .

49. Уәкілетті орган басшысының әскери қызмет мерзімін ұзарту туралы шешімі бұйрықпен ресімделеді және келісім-шарт мерзімі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей тиісті әскери қызметшіге жеткізіледі.

50. Әскери қызметті ұзартудан бас тартқан жағдайда уәкілетті органның жазбаша хабарламасын әскери қызметшіге әскери бөлімнің командирі шекті жасқа жеткенге



дейін кемінде бір ай бұрын қолын қойғызып жеткізеді.

Әскери қызметші демалыста, емделуде, қызметтік іссапарда болған кезде хабарлама әскери қызметтің тұрақты орнына келген күні жеткізіледі.

### **3-тарау. Әскери лауазымдарға тағайындау, әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқару, командирдің (бастықтың) қарамағына жіберу, әскери лауазымнан босату тәртібі 1. Әскери лауазымға тағайындау**

51. Әскери қызметшілерді әскери лауазымға тағайындау Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

52. Әскери қызметшілермен және әскери міндеттілермен келісім-шарт жасасу, әскери лауазымдарға тағайындау, ауыстыру, шығару, босату, сондай-ақ әскери атақтар беру туралы бұйрықтар шығару (жеке құрам бойынша бұйрықтар) құқығы бар лауазымды адамдар тізбесін (бұдан әрі - Лауазымды адамдар тізбесі) уәкілетті органның басшысы айқындайды.

Лауазымды адамдар тізбесімен айқындалған жоғары тұрған лауазымды адамдар тікелей бағыныста тұрған, төмен тұрған лауазымды адамдардың құқықтарын пайдаланады.

53. Әскери қызметшіні әскери лауазымға тағайындау әскери қызметшінің білім деңгейі мен кәсіби даярлығын, оның психологиялық қасиетін, денсаулық жағдайын және осы Ережемен көзделген өзге де жағдайларды ескере отырып жүргізіледі.

54. Әскери қызметшілерді әскери лауазымдарға тағайындау оларды негізгі немесе бір бейінді әскери-есептік мамандық бойынша және қызметтік іс-әрекетінің қолда бар тәжірибесін ескере отырып пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс. Әскери қызметшілерді, олар үшін жаңа әскери-есептік мамандық бойынша лауазымдарға пайдалану қажет болған кезде оларды осы лауазымдарға тағайындауға тиісті қайта даярлау алғышарт болуы тиіс.

55. Офицерлер құрамының әскери атағы бар, әскери (арнаулы) оқу орнына, жоғары оқу орнынан кейінгі жоғары кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша офицерді даярлау көзделген адъюнктураға күндізгі оқу нысанына қабылданған әскери қызметші бұрынғы атқарып отырған лауазымынан босатылады және тыңдаушы әскери лауазымына тағайындалады.

Офицер әскери атағы жоқ, әскери (арнаулы) оқу орнына қабылданған әскери қызметші бұрынғы атқарған әскери лауазымынан босатылады және көрсетілген оқу орнында оқитын әскери қызметшілер үшін көзделген және сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар) атқаруға жататын курсант әскери лауазымына тағайындалады. Әскери (арнаулы) оқу орнына қабылданған азамат көрсетілген оқу орнында оқитын әскери қызметшілер үшін көзделген курсант әскери лауазымына

тағайындалады.

Әскери қызметшіні (азаматты) әскери (арнаулы) оқу орнына қабылдаған кезде бұрын берілген әскери атағы сақталады.

56. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін, әскери (арнаулы) оқу орнына, адьюнктураға қабылданбаған әскери қызметшілер, олар көрсетілген оқу орнына, адьюнктураға түсу үшін жіберген әскери бөлімдерге бұрынғы әскери лауазымдарына қайтарылады.

57. Шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін және әскери (арнаулы) оқу орнына қабылданбаған әскери қызметшілер уәкілетті орган айқындаған әскери бөлімге одан әрі әскери қызмет өткеру үшін жіберіледі не Заңның 37-бабында айқындалған негіздер болған кезде әскери қызметтен босатылады.

58. Әскери (арнаулы) оқу орнын, адьюнктураны аяқтаған әскери қызметшілер қажетті білім деңгейі бар адамдар атқаруға жататын және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен тиісті Әскери лауазымдар тізбесімен көзделген және Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери оралымдардағы әскери атағы оларға сәйкес келетін офицерлер құрамының әскери лауазымдарына тағайындалады (бұдан әрі - Әскери лауазымдар тізбесі).

Көрсетілген әскери лауазымдарға тағайындау мүмкін болмаған кезде осындай әскери қызметшілер дайындық бейіні бойынша ұқсас өзге әскери лауазымдарға тағайындалады (ерекше жағдайларда әскери лауазымға одан әрі тағайындау үшін командирдің (бастықтың) қарамағына жіберіледі).

59. Әскери лауазымға тағайындау кезінде мынадай шарттар сақталады:

1) сарбаздар (матростар), сержанттар (старшиналар), офицерлер атқаруға жататын әскери лауазымдарға тиісті құрамның әскери қызметшілері тағайындалады. Көрсетілген әскери лауазымдарға тиісті құрамның әскери қызметшілерін тағайындау мүмкін болмаған кезде оларға уәкілетті органның басшысы айқындайтын тәртіппен төмен тұрған құрамның әскери қызметшілері тағайындалуы мүмкін;

2) тиісті командирлердің (бастықтардың) қарамағына жіберілген әскери қызметшілерді әскери лауазымдарға тағайындау Заңның 8-бабының 5-тармағымен белгіленген мерзімнен асырмай, мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүргізіледі;

3) әскери қызметке жарамдылық санаты туралы әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы;

4) егер әскери қызметшіге мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсаттама беруден бас тартылған немесе ол көрсетілген рұқсаттамадан айрылған жағдайда, ол белгіленген тәртіппен мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге берілетін рұқсаттамамен байланысты емес әскери лауазымға тағайындалады немесе әскери қызметтен босатылады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзара жақын туыстықта болатын әскери қызметшілерге, олар бір-біріне тікелей бағынысты болған кезде әскери

қызмет өткеруге рұқсат етілмейді;

б) әскери қызметші әйелдер медициналық қорытындыға сәйкес жүктілігі кезінде олардың келісімімен бұрын атқарып отырған әскери лауазымына сәйкес ақшалай үлесін сақтай отырып, неғұрлым жеңіл қызмет шарттарымен әскери лауазымға тағайындалуы мүмкін.

60. Әскери қызметшілер жоғары, тең немесе төмен әскери лауазымдарға тағайындалады.

61. Әскери лауазым, егер Әскери лауазымдар тізбесімен оған бұрынғы әскери лауазымы бойынша әскери атағына қарағанда, неғұрлым жоғары әскери атақ сәйкес келсе, ал штатпен көзделген әскери атағы - неғұрлым біліктілік талаптарының жоғары деңгейі немесе әскери басқару органы тең болған кезде жоғары деп саналады.

62. Әскери қызметшіні жоғары әскери лауазымға тағайындау қызметі бойынша жылжыту тәртібімен жүргізіледі.

Жоғары әскери лауазымға тағайындау кезінде басым құқық мұндай әскери лауазымға әскери қызметші әскери қызмет өткеретін әскери бөлімнің аттестаттау комиссиясы ұсынған, әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде жоғары кәсіби біліктілігін және ұйымдастырушылық қабілетін көрсеткен немесе ұйымдық-штаттық іс-шараларға байланысты бұрын төмен әскери лауазымға тағайындалған әскери қызметшіге беріледі.

63. Әскери лауазымдар, егер оған тең әскери атақ, сондай-ақ тең біліктілік талаптары немесе әскери басқару органдарының деңгейі сәйкес келсе, тең болып саналады.

64. Әскери қызметшіні тең әскери лауазымға тағайындау:

1) ұйымдық-штаттық іс-шараларға байланысты;

2) әскери қызметшіні әскери қызметте неғұрлым мақсатты пайдалану үшін;

3) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің баянаты бойынша отбасы жағдайы бойынша, Заңның 37-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген шарттар бар болған кезде;

4) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша жүргізіледі.

65. Әскери лауазым, егер оған неғұрлым төмен әскери атақ, сондай-ақ төмен біліктілік талаптары немесе әскери басқару органдарының деңгейі сәйкес келсе, төмен болып саналады.

66. Төмен әскери лауазымға тағайындау:

1) әскери қызметшінің келісімімен:

ұйымдық-штаттық іс-шараларға байланысты - оның дайындық бейіні бойынша тең, бос әскери лауазым болмаған кезде;

Заңның 37-бабы 3-тармағының 2) тармақшасында айқындалған, осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес отбасылық-мүліктік жағдайын тексеру актісімен расталатын отбасы

жағдайы

бойынша ;

әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша ;

Заңның 8-бабы 5-тармағының 3) тармақшасында айқындалған жағдайларды қоспағанда, командирдің (бастықтың) қарамағында болған кезеңде;  
2) әскери қызметшінің келісімінсіз:

келісім-шартты бұзу үшін негіз болып табылмайтын, әскери қызмет өткеру тәртібі мен ережелерін бірнеше рет бұзған жағдайда аттестаттау комиссиясының қорытындысы бойынша, бір сатыдан төмен емес жүргізіледі.

67. Әскери қызметшіні әскери лауазымға тағайындау, әскери лауазымнан босату, командирдің (бастықтың) қарамағына қабылдау, босатқан, әскери атақ беру, төмендету, айыру кезінде, сондай-ақ жаңа келісім-шарт жасасқан кезде осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыныс немесе басқа да құжаттар (баянат, ауыстыру жоспары) ресімделеді .

68. Әскери қызметі бойынша шектеу түрінде жазасын өтейтін әскери қызметшілерді жоғары әскери лауазымға тағайындау мүмкін емес.

69. Әскери қызметі бойынша шектеу түрінде жаза тағайындалған әскери қызметші бұрынғы әскери лауазымында, сондай-ақ бағыныстыларға басшылық жасауға байланысты лауазымда қалдырылуы мүмкін емес.

Осы әскери қызметші тиісті лауазымды адамның шешімі бойынша не әскери бөлім шегінде, не басқа әскери бөлімге немесе жергілікті жерге ауыстыру арқылы басқа әскери лауазымға тағайындалады, ол туралы үкім шығарған сот хабардар етіледі.

## **2. Әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруды жүктеу**

70. Қызметтік қажеттілікке байланысты әскери қызметшіге ол атқармайтын тең немесе жоғары әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқару жүктелуі мүмкін:

1) бос (тағайындалмаған) әскери лауазымды - оның келісімімен (лауазымды уақытша атқару - ЛУА), бұл жағдайда әскери қызметші атқарып отырған әскери лауазымы бойынша міндеттерді атқарудан босатылады, бірақ атқарып отырған әскери лауазымынан босатылмайды және оған әскери лауазымды уақытша атқаруы бойынша ақшалай үлес төленеді ;

2) бос емес (тағайындалған) әскери лауазымды - оны атқарып отырған әскери қызметші уақытша болмаған немесе оны атқарып отырған әскери қызметшіні лауазымынан шеттеткен (міндеттерді уақытша атқару - МУА) жағдайда 2 айдан аспайтын мерзімге .

71. Әскери қызметшіге бос әскери лауазымды уақытша атқаруды жүктеу және оны

атқарып отырған лауазымы бойынша міндеттерді атқарудан босатуды осы әскери лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды адам жүзеге асырады. Бұл ретте әскери қызметшіге жоғары офицерлер құрамы атқаруға жататын бос әскери лауазымдар бойынша әскери лауазымды уақытша атқаруды жүктеуді уәкілетті органның басшысы жүзеге асырады.

72. Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) өзі уақытша болмаған жағдайда міндеттерді уақытша атқаруды орынбасарларының біреуіне, олар болмаған кезде басқа лауазымды адамға жүктейді.

### **3. Командирдің (бастықтың) қарамағына жіберу**

73. Әскери қызметті одан әрі өткеру мәселесін шешу үшін әскери қызметшілерді әскери лауазымға тағайындауға құқығы бар лауазымды адам бұйрық шығаруға құқығы бар тікелей командирдің (бастықтың) қарамағына жіберуі мүмкін.

74. Әскери қызметшіні командирдің (бастықтың) қарамағына жіберуге Заңның 8-бабының 5-тармағымен айқындалған жағдайларда және мерзімдерде жол беріледі.

### **4. Әскери лауазымнан босату**

75. Әскери қызметші жаңа әскери лауазымға тағайындалған, ауыстырылған, әскери қызметтен босатылған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Ережеде көзделген басқа да жағдайларға байланысты әскери лауазымнан босатылады.

76. Әскери қызметшіні атқарып отырған әскери лауазымынан босатуға Лауазымды адамдар тізбесіне сәйкес, осы әскери лауазымға тағайындау құқығы берілген лауазымды адам құқылы.

## **4-тарау. Әскери қызметшілерді ауыстыру,**

### **іссапарға жіберу тәртібі**

#### **1. Әскери қызметшілерді ауыстыру**

77. Әскери қызметшіні ауыстыру - бұл оның лауазымдық жағдайын немесе әскери қызмет орнын өзгерту.

Ауыстыру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- 1) әскери лауазымға тағайындалған;
- 2) іссапарға жіберілген;
- 3) Заңның 8-бабы 5-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша қарамағына жіберілген;
- 4) атқарып отырған лауазымынан босатылған;
- 5) бір уәкілетті органның әскери қызмет көзделген басқасына ауыстырған кезде;

б) әскери бөлім немесе бөлімше орналасқан орнын өзгерткен.

78. Бөлімше немесе әскери бөлім орналасқан орнын өзгерткен кезде, сондай-ақ тең әскери лауазымға тағайындалған кезде әскери қызметшіні ауыстыру, оның келісімінсіз тиісті командирдің (бастықтың) шешімі бойынша жүргізіледі.

79. Әскери қызметшіні ауыстыру тек заңнамада белгіленген тәртіппен істері мен лауазымын тапсырғаннан кейін әскери бөлімнің тізімінен шығара отырып жүргізіледі.

Істер мен лауазымын тапсыруды бастауды әскери бөлімнің командирі (бастығы) жеке құрам бойынша бұйрықтан үзінді немесе әскери қызметшіні ауыстыру бойынша жазбаша хабарлама түскен сәттен бастап, бірақ жеті тәуліктен кешіктірмей, ал демалыста немесе емделуде жүрген әскери қызметші үшін олардың келген күнінен б а с т а п а й қ ы н д а й д ы .

Әскери бөлімнің тізімінен шығару істер мен лауазымды тапсыру актісі бекітілгеннен кейін келесі жұмыс күні жүргізіледі.

## **2. Әскери қызметшілерді іссапарға жіберу және олардың әскери қызметті өткеру ерекшеліктері**

80. Әскери қызметшілер мемлекеттің қорғанысы және қауіпсіздігі мүддесіндегі жұмыстарды орындау мақсатында олардың басшыларымен келісім бойынша, мемлекеттік органдар мен ұйымдарға әскери емес лауазымдарға іссапарға жіберілуі мүмкін. Бұл ретте бұрын жасалған келісім-шарттың қолданысы тоқтатылмайды.

81. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарға іссапарға жіберілген әскери қызметшілермен жаңа келісім-шарт жасасу осы Ережеге сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте іссапарға жіберілген әскери қызметшілермен келісім-шарт жасасу әскери қызметшілер іссапарға жіберілген мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларының пікірін ескере отырып жүзеге асырылады.

82. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарға іссапарға жіберілген әскери қызметшілерге әскери атақтар беру, оларды әскери қызметтен босату, уәкілетті органның наградаларымен марапаттау осы Ережеге сәйкес олар іссапарға жіберілген органдардың, мекемелер мен ұйымдардың ұсыныстары бойынша, ал қажетті жағдайларда - көрсетілген мемлекеттік органдар мен ұйымдардың және оларды іссапарға жіберген уәкілетті органдар басшыларының бірлескен ұсыныстары бойынша жалпы негізде жүргізіледі.

## **5-тарау. Әскери атақ беру, төмендету, айыру және қалпына келтіру тәртібі**

### **1. Әскери атақ беру**

83. Әскери атақтар әскери қызметшілерге дербес беріледі. Әскери атақ алғашқы немесе кезекті болуы мүмкін.

84. Әскери қызметшілерге әскери атақтар:

1) жоғары офицерлер құрамына - уәкілетті орган бірінші басшысының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті - Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қол басшысы;

2) полковник (бірінші дәрежелі капитан) - уәкілетті органдардың басшылары;

3) өзге де әскери атақтар - Лауазымды адамдардың тізбесіне сәйкес уәкілетті органның басшысы айқындаған лауазымды адамдар береді.

Алғашқы әскери атақтар:

1) офицерлер құрамы үшін - лейтенант;

2) сержанттар (старшиналар) құрамы үшін - кіші сержант (2-сатылы старшина);

3) сарбаздар (матростар) құрамы үшін - қатардағы жауынгер (матрос) болып саналады.

85. "Лейтенант" әскери атағы мыналарға беріледі:

1) офицер әскери атағы жоқ, жоғары әскери (арнаулы) оқу орнын аяқтаған әскери қызметшіге;

2) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсы аяқтаған және жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін әскери бөлімдерде алты айлық әскери тағылымдамадан өткен азаматқа;

3) офицерлер құрамының әскери атағы жоқ, тиісті әскери-есептік мамандығына ұқсас жоғары кәсіби білімі бар және ол үшін офицер әскери атағы штатымен көзделген әскери лауазымға келісім-шарт бойынша әскери қызметке кірген азаматқа (әскери қызметшіге) - тиісті әскери лауазымға тағайындаған кезде алты айдан ерте емес;

4) офицерлер құрамының әскери атағы жоқ, жоғары кәсіби білімі бар - әскери жиындар аяқталысымен, және жұмылдыру жоспары бойынша әскери бөлімнің офицерлер лауазымына тіркелген әскери міндеттіге, бірақ оқу орнын аяқтағаннан кейін бір жылдан ерте емес.

86. Офицерлер құрамының алғашқы әскери атағын әскери қызмет көздеген уәкілетті органның басшысы береді.

87. "Сержант" ("бірінші сатылы старшина") әскери атағы және кейінгілері, әдеттегідей, курстық даярлықтың қажетті деңгейі бар және тиісті лауазымдарға тағайындалған әскери қызметшілерге, бірақ 12 айдан кешіктірілмей беріледі.

88. "Кіші сержант" ("екінші сатылы старшина") әскери атағы мыналарға беріледі:

1) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсы аяқтаған және жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін әскери тағылымдамадан өтпеген азаматқа;

2) әскери атағы жоқ, әскери қызметке шақыру немесе келісім-шарт бойынша әскери қызметке кірген кезде жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар азаматқа.

89. "Ефрейтор" ("аға матрос") әскери атағы лауазымдарға тағайындау кезінде олар үшін Әскери лауазымдар тізбесімен тиісті әскери атақ көзделген мамандығын табысты меңгерген қатардағы жауынгерлер мен матростарға, бірақ 12 айдан кешіктірілмей

б е р і л е д і .

90. "Қатардағы жауынгер" ("матрос") әскери атағы әскери атағы жоқ азаматтарға мынадай жағдайларда беріледі:

- 1) әскерге шақырылған және келісім-шарт бойынша әскери қызметке кірген кезде;
- 2) запасқа шығарылған кезде;
- 3) әскери (арнаулы) оқу орнына қабылданған кезде.

91. Мемлекеттік органдарда қызмет өткеріп жүрген немесе өткерген және арнайы атағы немесе сыныптық шені бар азамат әскери қызметке кірген кезде уәкілетті органның басшысы айқындайтын қайта аттестаттау тәртібімен әскери атақ берілуі мүмкін.

92. Егер әскери қызметші Әскери лауазымдар тізбесінде тең немесе неғұрлым жоғары әскери атақ көзделген әскери лауазымды атқаратын болса, бұрынғы әскери атағында еңбек сіңірген мерзімі аяқталғаннан кейін оған кезекті әскери атақ беріледі.

93. Әскери қызметшіде алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде ол кезекті әскери атақ беруге ұсынылмайды.

94. Жоғары офицерлер құрамының әскери атағы, әдеттегідей, әскери қызметшіге жоғары офицерлер құрамы алмастыруға жататын әскери лауазымды атқарғанына кемінде екі жыл өткеннен кейін беріледі.

95. Әскери атақтардағы еңбек сіңірген мерзім әскери атақ берілген күннен бастап есептеледі.

96. Сержанттар (старшиналар) лауазымдарына тағайындаған кезде тиісті курстық даярлықтан өткен әскери қызметшілерге Әскери лауазымдар тізбесіне сәйкес әскери атақтар берілуі мүмкін.

97. Әскери (арнаулы) оқу орындарында және күндізгі оқу нысаны бойынша адъюнктурада оқитын офицерлерге офицерлер құрамының кезекті әскери атақтары әскери атақтардағы белгіленген еңбек сіңірген мерзімі өткеннен кейін және ол оқуға түсер алдында атқарған, Әскери лауазымдар тізбесінде айқындалған әскери лауазымы бойынша әскери атаққа берілетін әскери атағы сәйкес келген кезде беріледі.

98. Қазақстан Республикасын қорғау, жауынгерлік кезекшілікті атқару немесе әскери қызметтің өзге де міндеттерін орындау кезінде батылдық пен ерлік танытқан не әскери борышын үлгілі орындайтын әскери қызметшілерге кезекті әскери атақ мерзімінен бұрын берілуі мүмкін, бірақ атқарып отырған әскери лауазым үшін Әскери лауазымдар тізбесінде көзделген әскери атақтан жоғары емес.

Мерзімінен бұрын әскери атақ әскери атағындағы белгіленген еңбек сіңірген мерзімінің кемінде жартысы өткеннен кейін және берілетін атақтың Әскери лауазымдар тізбесі бойынша әскери атаққа сәйкес келген кезде, бірақ әскери қызмет кезеңінде екі реттен артық берілмейді.

99. Жауынгерлік даярлықта, әскери тәртіпті нығайтуда, күрделі әскери техниканы меңгеруде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген немесе қорғаныс сипатындағы



міндеттерді шешумен байланысты тапсырылған учаскедегі міндеттерді үлгілі орындайтын әскери қызметшілерге кезекті әскери атақ подполковникке дейін, ал ғылыми атағы бар ғылыми-педагогикалық құрамның офицерлеріне полковникті қоса алғанда - атқарып отырған әскери лауазымы бойынша көзделген әскери атақтан бір сатыға жоғары атақ берілуі мүмкін.

Атқарып отырған әскери лауазымы бойынша көзделген әскери атақтан бір сатыға жоғары кезекті әскери атақ әскери қызмет кезеңінде бір реттен артық берілмейді және әскери атағында кемінде екі жыл белгіленген еңбек сіңірген мерзім өткеннен кейін беріледі.

100. "Ефрейтор" ("аға матрос") әскери атағы сіңірген ерекше жеке еңбегін көтермелеу ретінде ол үшін Әскери лауазымдар тізбесінде "қатардағы жауынгер" ("матрос") әскери атағы көзделген әскери лауазымды атқарып отырған әскери қызметшіге берілуі мүмкін.

101. "Кіші сержант" ("екінші сатылы старшина") әскери атағы ол үшін Әскери лауазымдар тізбесінде "кіші сержант" ("екінші сатылы старшина") және одан жоғары әскери атақ көзделген әскери лауазымды атқаратын қатардағы жауынгерге (матросқа), сондай-ақ оқу-жаттығу әскери бөлімінде сержанттарды (старшиналарды) даярлау бағдарламасы бойынша оқуды табысты аяқтаған әскери қызметшіге беріледі.

102. Әскери лауазымы бойынша шектеу түрінде жазасын өткерген уақытта әскери қызметшіге кезекті әскери атақ және офицерлер құрамының алғашқы әскери атағы берілмейді, ал жаза мерзімі тиісті әскери атағындағы еңбек сіңірген жылдары мерзіміне есептелмейді.

103. Әскери міндеттілерге кезекті әскери атақтарды әскери жиындарға басшылық жасаған лауазымды адамның ұсынысы бойынша тек әскери лауазымға тағайындар алдында және олар әскери жиындардан өткеннен және уәкілетті органдардың басшылары белгілеген сынақтарды тапсырғаннан кейін беріледі.

104. Әскери міндеттілерге "запастағы полковник" әскери атағы соғыс жағдайын енгізген кезде осы Ережеге сәйкес беріледі.

105. Офицерлер немесе сержанттар құрамының әскери атағынан айырылған әскери қызметшіге (әскери міндеттіге) қатардағы құрамның әскери есебіне бір уақытта ауыстырумен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) жергілікті әскери басқару органының бастығы "қатардағы жауынгер" әскери атағын береді.

## **1. Әскери атақты төмендету, одан айыру және оны қалпына келтіру**

106. Әскери қызметшілерді әскери атағында бір сатыға мыналар төмендетуі мүмкін:

1) жоғары офицерлер құрамын - Президент - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы;

2) офицерлер құрамын (жоғары офицерлер құрамынан басқа) - уәкілетті органның бірінші басшысы;

3) өзге әскери атақтарды - Лауазымды тұлғалар тізбесіне сәйкес.

Олардың бұрынғы әскери атағын қалпына келтіру атқарып отырған штаттық лауазымына қарамастан, төмендеткен күннен бастап кемінде алты айдан кейін, үлгілі тәртібі және қызметке адал қараған кезде уәкілетті орган басшысының бұйрығымен жүргізіледі. Әскери атағын қайта төмендетуге жол берілмейді, ықпал етудің өзге де шаралары қолданылады.

107. Қылмыс жасаған әскери қызметшілер (әскери міндеттілер) заңды күшіне енген соттың айыптау үкімі бойынша әскери атағынан айырылады.

Әскери қызметшіні әскери атағынан айыру жеке құрам бойынша бұйрықпен, әскери міндеттіні - жергілікті әскери басқару органы бастығының тиісті бұйрығымен ресімделеді.

108. Әскери қызметте болудың шекті жасына жетпеген, әскери атағынан айырылған, кейіннен өздерін әскери лауазымды алмастыруға лайықты етіп көрсеткен азаматтарға бұрынғы атақтарына тең әскери атақтар соттылығы алынғаннан (өтелгеннен) кейін берілуі мүмкін.

109. Әскери атағынан айырылған азаматтың бұрынғы әскери атағын беру туралы өтінішін жергілікті әскери басқару органы ол келіп түскеннен кейін бір ай мерзімнен кешіктірмей қарайды.

Негіздемелер болған кезде бұрынғы әскери атағын беру туралы ұсыным ресімделеді.

Әскери атақ беруді әскери атағынан айырған адам жүргізеді.

110. Заңсыз соттауға байланысты әскери атағынан айырылған азаматқа бұрынғы әскери атағы Қазақстан Республикасының заңдарында және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген бұрынғы құқықтары мен жеңілдіктерін қалпына келтіре отырып, оны ақтау туралы шешім күшіне енгеннен кейін беріледі.

## **6-тарау. Әскери қызметшілерге демалыстар беру тәртібі 1. Демалыс түрлері**

111. Әскери қызметшілерге мынадай демалыстар беріледі:

- 1) жыл сайынғы;
- 2) отбасы жағдайы бойынша қысқа мерзімді;
- 3) жүктілігі және бала тууы бойынша;
- 4) қосымша;
- 5) каникулярлық;
- 6) оқу;

7) шығармашылық;

8) сырқаттануы бойынша;

9) көтермелеу түрінде қысқа мерзімді (тек мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне).

112. Демалыстар әскери бөлім командирінің бұйрығы негізінде беріледі.

113. Демалыстардың ұзақтығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады, бұл ретте жыл сайынғы және қосымша демалыстардың жалпы ұзақтығы демалысты өткізу орнына бару және қайта келу үшін қажетті уақытты есептеусіз берілетін жылда 60 тәуліктен аспауы тиіс.

114. Әскери қызметшілер демалысқа келгеннен кейін әскери есепті жүргізетін органға әскери есепке тұрады.

115. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, демалыстардың барлық түрінде болған кезде әскери қызметшілердің ақшалай үлесі және өзге де қосымша төлемдері сақталады.

## **2. Жыл сайынғы демалыс беру**

116. Жыл сайынғы демалыстар әскери қызметшілерге оларды пайдалану кезеңдерін кезектестіруді, сондай-ақ әскери бөлімнің жауынгерлік әзірлігін ұстауды ескере отырып және демалыстар кестесіне сәйкес жылдың кез келген уақытында беріледі. Демалыс кестесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеңілдіктерді пайдаланатын әскери қызметшілердің санатын ескере отырып, жыл басында әрбір күнтізбелік жылға жасалады және барлық әскери қызметшілердің назарына жеткізіледі.

Демалыс уақытында әскери бөлімді толық таратуды және келісім-шартта көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, әскери бөлімнің бастамасы бойынша әскери қызметшіні ауыстыруға, босатуға жол берілмейді.

117. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге берілетін жыл сайынғы демалыстың ұзақтығы "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

118. Ол әскери қызметке келісім-шарт (шақыру) бойынша кірген жылы және босатылған жылы әскери қызметшіге жыл сайынғы демалыстың ұзақтығын есептеу жыл сайынғы демалыс ұзақтығын он екіге бөлумен және алынған тәулік санын әскери қызметке кірген немесе босатылған жылдағы әскери қызметтің толық ай санына көбейтумен есептеледі.

119. Толық емес тәулік пен ай санын дөңгелектеу арттыру жағына қарай жүргізіледі. Әскери қызметшіні әскери қызметтен уақтылы босату (әскери бөлімнің жеке құрамының тізімінен шығару) мүмкін болмаған жағдайда оны босатқан күнге толық

пайдаланылмаған жыл сайынғы демалыс уақытының есебін әскери қызметшіге ұсына отырып жүргізіледі. Егер демалыс бұдан бұрын демалыс кестесіне сәйкес пайдаланылмаған болса, мерзімінен бұрын босату кезінде (келісім-шарт мерзімі аяқталғанға дейін) әскери қызметшінің жыл сайынғы демалыс ұзақтығы осындай т ә р т і п п е н е с е п т е л е д і .

120. Әскери (арнаулы) оқу орнын аяқтаған әскери қызметшілерге жыл сайынғы демалыс көрсетілген оқу орнын аяқтағаннан кейін беріледі.

121. Әскери қызметшілердің жыл сайынғы демалысының ұзақтығы демалысты өткізу орнына дейін бару және қайта келу үшін қажетті уақытты ескере отырып, тәулік санына арттырылады. Егер әскери қызметшіге жыл сайынғы демалыс бөлініп берілсе, онда демалыс орнына бару және қайта келу үшін қажетті уақыт бір рет беріледі.

122. Әскери қызметшінің баянаты және әскери бөлім командирінің шешімі бойынша әскери қызметшіге жыл сайынғы және қосымша демалыстарды олардың арасын үзбей ретпен беруге жол беріледі.

123. Өткен жылға арналған жыл сайынғы және (немесе) қосымша демалыстар келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге дәлелді себептермен берілмеген болса, демалыс әскери қызметшіге келесі жылы тек оның келісімімен немесе оның өтініші бойынша демалысты өткізу орнына бару және қайта келу уақытын ескере отырып беріледі.

Шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін, дәлелді себептермен жыл сайынғы және қосымша демалыстарды пайдаланбаған офицерге көрсетілген демалыстардың соңғысы аяқталған күні әскери бөлімнің тізімінен шығарумен әскери қызметтен босату к е з і н д е б е р і л е д і .

124. Жыл сайынғы немесе қосымша демалыс (кейіннен әскери бөлімнің тізімінен шығарумен босату жылындағыны қоспағанда) уақытында науқастанған әскери қызметшілерге жыл сайынғы немесе қосымша демалыс отбасы жағдайы бойынша демалыстан басқа, сырқаттанған күндерінің тиісті санына ұзартылады. Осындай жағдайда демалысты ұзартуды әскери емдеу-алдын алу мекемесінен алынған анықтама негізінде әскери бөлімнің командирі жүзеге асырады.

125. Әскери қызметшінің отбасы мүшесі ауыр денсаулық жағдайында немесе қайтыс болған (қаза тапқан) жағдайда, сондай-ақ демалыста жүрген әскери қызметшінің отбасы мүшелері ұшыраған табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде әскери қызметші демалыста жүрген аумақтағы жергілікті әскери басқару органы бастығының әскери қызмет өткеру орнына бару үшін қажетті уақытты есептеусіз, демалысты он тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартуға құқығы бар.

Демалысты ұзартқаны туралы жергілікті әскери басқару органының бастығы көрсетілген әскери қызметші әскери қызмет өткеретін әскери бөлімнің командирін дереу хабардар етеді.

### **3. Отбасы жағдайы бойынша демалыстар беру**

126. Отбасы жағдайы бойынша демалыс әскери қызметшіге 10 тәулікке дейінгі мерзімге мынадай жағдайда беріледі:

1) отбасы мүшелерінің ауыр денсаулық жағдайында немесе қайтыс болғанда (қаза тапқанда) ;

2) отбасы мүшелері ұшыраған табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда .

127. Осындай демалыс берілген мән-жайлар құжатпен расталуы тиіс. Әскери қызметшіге берілетін отбасы жағдайы бойынша демалыстың ұзақтығы демалысты өткізу орнына бару және қайта келу үшін қажетті тәулік санына арттырылады.

### **4. Жүктілігі және бала тууы бойынша демалыстар беру.**

#### **Балаларды асырап алған әскери қызметшілердің демалысы**

128. Әскери қызметші әйелдерге жүктілігі және бала тууы бойынша демалыс бала туғанға дейін ұзақтығы жетпіс күнтізбелік күн немесе бала туғаннан кейін елу алты ( ауыр босанған немесе екі немесе одан көп бала туған жағдайда - жетпіс) күнтізбелік күн беріледі. Есептеу жиынтықталып жүргізіледі және әскери қызмет өткеру ұзақтығына қарамастан, осы кезеңдер үшін жүктілігі және бала тууы жөніндегі жәрдемақыны төлеумен босанғанға дейін нақты пайдаланылған күндердің санына қарамастан демалыс толық беріледі.

Көрсетілген демалыс әскери қызметшілерге тиісті медициналық мекеме берген еңбекке жарамсыздық парағы негізінде беріледі.

129. Тікелей перзентханадан жаңа туған баланы асырап алған әскери қызметшіге асырап алған күнінен бастап және бала туған күнінен бастап елу алты күн өткенге дейінгі кезеңге (ата-анасының біреуіне) әскери қызмет ұзақтығына қарамастан осы кезеңге жәрдемақы төлеумен демалыс беріледі.

### **5. Қосымша демалыстар беру**

130. Әскери қызмет өткерудің ерекше жағдайлары бар жергілікті жерлерде әскери қызмет өткеретін немесе өткерген әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қосымша демалыстар беріледі.

Бұл ретте қосымша демалыстың ұзақтығы жыл сайынғы демалысқа қосылмайды.

131. Қосымша демалыстар әскери қызметке түскен немесе босатылған жылы әскери қызметшілерге толық көлемде беріледі.

132. Депутаттыққа кандидат ретінде белгіленген тәртіппен тіркелген әскери қызметшіге, оның тілегі бойынша әскери қызметші кандидат ретінде тіркелген күннен бастап және сайлау нәтижелері ресми жарияланған күнге дейін демалыс беріледі.

133. Әскери қызметші әйелге оның баянаты бойынша бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі жөнінде қосымша демалыс беріледі. Қосымша демалыс уақытында оның әскери лауазымы сақталады.

134. Перзентханадан жаңа туған бала асырап алған ерлі-зайыпты әскери қызметшілердің біреуінің баянаты бойынша осы кезеңге әскери қызмет орны мен әскери лауазымын сақтай отырып, ол үш жасқа толғанға дейін бала күтімі жөнінде қосымша демалыс беріледі.

## **6. Каникулярлық демалыстар беру**

135. Демалыстар күндізгі оқу нысаны бойынша әскери (арнаулы) оқу орындарында оқитын курсанттар мен тыңдаушыларға оқу сабақтарындағы үзілістер уақытында мынадай мерзімге беріледі:

- 1) қысқы демалыс - 14 тәулік;
- 2) жазғы демалыс - 30 тәулік.

Каникулярлық демалыстарды өткізу орнына бару және қайта келу үшін қажетті уақыт берілмейді.

## **7. Оқу демалыстарын беру**

136. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге оқу демалыстары беріледі:

- 1) қабылдау емтихандарына дайындалу және оларды тапсыру үшін;
- 2) оқу кезеңінде.

137. Оқу демалыстарының ұзақтығы оқу жоспарымен белгіленеді және оны оқу орнының жазбаша шақыруы негізінде әскери бөлімнің командирі береді.

## **8. Шығармашылық демалыстар беру**

138. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін, ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесінің ізденушісі болып табылатын әскери қызметшіге қызметтік іс-әрекетін ғылыми жұмыспен табысты үйлестірген жағдайда ол ғылыми дәрежесінің ізденушісі болып табылатын ғылыми кеңестің ұсынысы бойынша әскери бөлімнің қолбасшылығы әскери бөлім командирінің шешімімен ұзақтығы екі айға дейін шығармашылық демалыстар береді.

## **9. Сырқаттануы бойынша демалыстар беру**

139. Сырқаттануы бойынша демалыс әскери қызметшіге Әскери-дәрігерлік сараптама ережесіне сәйкес әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде беріледі. Сырқаттануы бойынша демалыс әскери қызметшіге 30-дан 60 тәулікке дейінгі

мерзімге, ал босатылатын жылы келісім-шарт мерзімі аяқталған күнге дейін беріледі.

140. Әскери қызметшілердің жекелеген санаты үшін, олар денсаулығына жағымсыз әсер ететін міндеттерді (жұмыстарды, жаттығуларды) орындағаннан кейін медициналық оңалту жүргізіледі.

Әскери қызметшіге арналған медициналық оңалту үшін алдын алу демалысының берілетін қосымша тәулік санын әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде уәкілетті органның басшысы айқындайды.

Сырқаттануы бойынша демалыстың ұзақтығы жыл сайынғы және қосымша демалыс есебіне кірмейді.

## **10. Әскери қызметшіні демалыстан шақырып алу**

141. Аса қызметтік қажеттілік жағдайында әскери қызметші тікелей бастығының келісімі бойынша әскери бөлім командирінің, оған тең және жоғары адамның шешімімен демалыстан шақырылуы мүмкін.

142. Әскери қызметшіні демалыстан шақырып алу әскери бөлім бойынша бұйрықпен ресімделеді. Бұл ретте демалыстың пайдаланылмаған бөлігі 10 және одан кеп тәулікті құрайтын болса, әскери қызметшіге демалысты өткізу орнына бару және қайта келу үшін қажетті уақыт беріледі, бірақ ол шақырып алынған пункттен алыс болмауы тиіс. Демалыстың пайдаланылмаған бөлігі әскери қызметшінің тілегі бойынша келесі жылдың демалысына қосылуы мүмкін.

## **7-тарау. Әскери қызметшілерді аттестаттауды жүргізу**

### **тәртібі мен шарттары 1. Аттестаттаудың мақсаты мен міндеттері**

143. Әскери қызметшілердің қызметтік іс-әрекетін, олардың кәсіби және іскерлік қасиеттерін жан-жақты және объективті бағалау, сондай-ақ әскери қызметшілерді дұрыс іріктеу, орналастыру және одан әрі қызметтік пайдалану перспективасын қамтамасыз ету мақсатында аттестаттау мерзімді өткізіледі.

144. Аттестаттаудың негізгі міндеттері:

1) әрбір әскери қызметшінің кәсіби және іскерлік қасиеттерінің, әлеуетті мүмкіндіктерінің жан-жақты және объективті сипаттамасын айқындау;

2) аттестатталатын әскери қызметшілердің атқарып отырған лауазымдарына сәйкестігін және оларды одан әрі қызметтік пайдаланудың перспективасын айқындау;

3) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге қызмет мерзімін ұзартудың және шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілермен алғашқы келісім-шарт жасасудың орындылығын айқындау;

4) әскери қызметшілерді даярлауды (қайта даярлауды), оқытуды жетілдіру бағанын айқындау;

5) қызметте жоғарылату немесе оқуға жіберу үшін әскери қызметшілердің кадрлық

б) бар кемшіліктерді жою жөнінде әскери қызметшілерге ұсыныстар дайындау.

## 2. Аттестаттауды өткізу

145. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді аттестаттау үш жылда бір рет өткізіледі. Уәкілетті орган басшысының шешімі бойынша әскери қызметшілердің жекелеген санаттарын аттестаттау басқа да мерзімде өткізілуі мүмкін. Жекелеген әскери қызметшілерді аттестаттау командирдің (бастықтың) шешімі бойынша өткізіледі.

Уәкілетті органдарда әскери қызметшілерді аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін олардың бірінші басшылары айқындайды.

146. Уәкілетті орган басшысы әскери қызметшілерді аттестаттаудың мерзімін, санаттары мен үлгі схемаларын айқындағаннан кейін аттестаттауды дайындау және өткізу жоспарлары әзірленеді.

Жоспарларды тиісті командирлер (бастықтар) бекітеді, онда мынадай іс-шаралар көзделеді:

барлық әскери қызметшілердің аттестаттау тәртібін зерделеуі, аттестаттауды жасаудың, қараудың, бекітудің және жариялаудың соңғы мерзімін белгілеу;

барлық дәрежедегі командирлермен және бастықтармен, кадр органдарының және жасақтау офицерлерімен, аттестаттау комиссиясының төрағаларымен және мүшелерімен бұрынғы тәжірибесін ескере отырып, алда болатын аттестаттаудың мәселелері бойынша сабақтар өткізу;

аттестаттаудың нақты схемасын әзірлеу, оларды тиісті командирлердің (бастықтардың) бекітуі және басшылыққа алу мен офицерлер құрамына жеткізу үшін әскери бөлімдерге жіберу;

аттестатталушыларға аттестаттау бланкілерін, жадынамалар немесе басқа да әдістемелік құралдар дайындау және тарату;

басшы құрамның әскери кеңестерінде, отырыстарда аттестаттауды дайындау мен өткізу барысын, сондай-ақ аттестаттау қорытындыларын іске асыру жөнінде тапсырмалар қоюмен аттестаттаудың нәтижелерін талқылау.

147. Аттестатталушының тікелей бастығы, басқа да лауазымды адамдар:

- 1) әскери қызметшілерді аттестаттаудың қолданылып жүрген тәртібін зерделеуге;
- 2) аттестатталушының кәсіби, іскерлік және моральдық қасиеттерін жан-жақты зерделеуге міндетті.

О л ү ш і н :

аттестатталушы әскери қызметшінің атқарып отырған лауазымындағы жұмысының нақты көрсеткіштерін, ол басшылық жасайтын бөлімшедегі (бөлімдегі, құрамадағы,



бірлестіктегі) немесе ол жауап беретін учаскедегі істің жай-күйін талдау және бағалау; өз орынбасарларымен, кадр органының бастығымен, аттестаттау комиссиясының төрағасымен аттестатталушы туралы пікір алмасу; аттестатталушыны жан-жақты зерделеудің негізінде аттестаттаудың мазмұнын және ол бойынша қорытындыны айқындау;

3) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес үлгі нысан бойынша бағынысындағыға үш дана аттестаттау парағын, оның біреуін өз қолымен, қалғандарын баспа түрінде жасау. Қажет болған кезде уәкілетті органның басшысы даналардың өзге санын анықтауы мүмкін;

4) еркін нысанда жазылатын аттестаттау мәтінінде кәсіби даярлық деңгейі, жеке басының қасиеттері, жеке тәртіптілігі, денсаулығының жай-күйі және аттестатталушыны сипаттайтын басқа да мәселелер қамтылуы тиіс.

Аттестаттау жөніндегі қорытындыда аттестатталушының атқарып отырған лауазымына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі көрсетіледі, одан кейін іскерлік және моральдық-психологиялық қасиеттеріне, жұмыс тәжірибесіне, қабілеті мен бейімділігіне, сондай-ақ іс мүддесіне сүйене отырып, оны одан әрі неғұрлым орынды қызметтік пайдалану туралы пікір жазылады.

Бұл ретте мынадай ұсынымдар берілуі мүмкін:  
келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіру үшін кандидат;  
жаңа келісім-шарт, соның ішінде әскери қызметте болудың шекті жасына жеткен әскери қызметшімен келісім-шарт жасасудың орындылығы;  
жоғары лауазымға жоғарылату туралы;  
әскери (арнаулы) оқу орнына немесе даярлық курстарына жіберу туралы;  
тең лауазымға ауыстыру туралы (қандай лауазымға ауыстыру орынды және ауыстыру себебі, басқа лауазымдарды жасақтау қажеттілігі, неғұрлым орынды пайдалану үшін белгіленген қызмет мерзімдерімен жергілікті жерлерде жоспарлы ауыстыруды жүргізу және басқа да себептер);  
ауыстыру себебін көрсете отырып, басқа әскери-командалық, штабтық, оқытушылық немесе басқа лауазымға ауыстыру туралы;  
әскери қызметшіні себебін және оны қай жерде пайдаланудың орындылығын көрсете отырып, жоғары лауазымнан төменіне ауыстыру туралы;  
әскери қызметтен босату туралы және қандай негіз бойынша.

Қажет болған жағдайда уәкілетті органның басшысы аттестатталушы әскери қызметшіге ұсынымдар берудің өзге тұжырымдамасын айқындайды.

148. Әскери қызметші әйелдер олардың жүктілігі және бала күтімі жөніндегі демалыста болған кезеңде аттестаттауға жатпайды. Олар әскери қызметке шыққаннан кейін кемінде алты ай өткен соң және бір жылдан кешіктірмей аттестатталады.

149. Әскери қызметшіге жасалған аттестаттау материалы аттестаттау комиссиясының қарауына жатады.

### **3. Аттестаттау комиссиялары**

150. Аттестаттау комиссиясы (Жоғары аттестаттау комиссиясы) тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады және тиісті командирге (бастыққа) есеп береді.

Жоғары аттестаттау комиссиясы оның басшысының шешімімен уәкілетті органда құрылады.

Аттестаттау комиссиялары әскери бөлімдерде (мекемелерде) әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) шешімімен құрылады.

Аттестаттау комиссиясы аттестаттауды қараған кезде аттестатталушылары сияқты олардың тікелей командирлерін (бастықтарын) да шақыруға құқығы бар.

### **4. Аттестаттау комиссиясының шешіміне шағымдану**

151. Аттестаттау тәртібінің бұзылуына және объективті еместігіне шағым әскери қызметші аттестаттаудың қорытындыларымен танысқан күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей команда бойынша немесе сот тәртібімен берілуі тиіс.

Шағым бойынша түпкілікті шешімді аттестаттауды бекіткен бастық қабылдайды. Әскери қызметшінің шағымы негізделген деп танылған жағдайда жаңа аттестаттау өткізіледі.

### **8-тарау. Әскери қызметшілерді әскери қызметтен босату тәртібі**

152. Әскери қызметшілерді әскери қызметтен босату Заңның 37-бабында айқындалған негіздемелер бойынша жүргізіледі. Бұл ретте Лауазымды тұлғалар тізбесіне сәйкес құқығы бар уәкілетті орган лауазымды тұлғаның бұйрығымен запасқа немесе отставкаға шығарылады.

Әскери қызметшіні әскери бөлімнің тізімінен шығару заңнамада белгіленген мерзімде істері мен лауазымын тапсырғаннан кейін жүргізіледі.

Әскери қызметші демалыста, емделуде немесе қызметтік іссапарда болған жағдайда әскери бөлімнің тізімінен шығару жүргізілмейді.

Шекті жасқа жетуі немесе келісім-шарт мерзімінің аяқталуы туралы әскери қызметшіні әскери бөлімнің командирі (бастығы) алдын ала (бірақ кемінде бір ай бұрын) жазбаша хабардар етеді. Заңның 37-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, шекті жасқа жеткенге дейін босату үшін өзге де негіздемелер туындаған жағдайда әскери қызметші өзі таңдаған негіздеме бойынша босатылады.

Әскери қызметшіні алдағы босату туралы хабардар еткен кезде әскери қызметшіні іссапарға немесе демалысқа жіберуге тыйым салынады.

Әскери қызметшіні әскери қызметтен босату туралы жеке құрам бойынша бұйрықтан үзінді көшірме оған қолын қойғыза отырып жеткізіледі. Әскери қызметші әскери бөлімнен тыс жерде болған жағдайларда бұйрықтан көшірме ол қайтып оралғаннан кейін жеткізіледі.

153. Келісім-шарт бойынша әскери қызметті өткеретін әскери қызметшіде әскери қызметтен босату үшін бірнеше негіздеме болған кезде, босату теріс уәждер бойынша жүргізілетін жағдайларды қоспағанда, ол өзі таңдаған негіздеме бойынша босатылады.

154. Шақыру бойынша әскери қызметшілер әскери қызметтен оның қызмет мерзімі өткеннен кейін босатылады, бұл ретте:

1) офицерлер құрамы Лауазымды адамдар тізбесіне сәйкес лауазымды адамның бұйрығымен босатылады;

2) мерзімді қызметтің әскери қызметшілері - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде уәкілетті орган басшысының бұйрығымен.

155. Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметшілерді босату Әскери-дәрігерлік сараптама ережесіне сәйкес әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде жүргізіледі.

Босатуға ұсынымды ресімдеу әскери бөлім әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысын алғаннан кейін жүргізіледі.

156. Әскери атағынан айыруға байланысты әскери қызметтен әскери қызметшілерді босатуға ұсынымды ресімдеу:

1) күшіне енген сот үкімі әскери бөлімге келіп түскен кезде;

2) әскери атағынан айыруға ұсынымды бір уақытта ресімдеген кезде жүргізіледі.

157. Бас бостандығынан шартты түрде айыру түрінде жазалауға сотталған келісім-шарт бойынша әскери қызметшілерді мерзімінен бұрын босату туралы шешімді командирдің (бастықтың) ұсынысы бойынша уәкілетті органның басшысы қабылдайды.

158. Әскери (арнаулы) оқу орнынан шығаруға байланысты босатылған курсанттар әскерге шақырылғандарды немесе әскери міндеттілерді әскери есепке қою үшін тұрғылықты жері бойынша жергілікті әскери басқару органдарына жіберіледі, бұл ретте шақыру бойынша белгіленген қызмет мерзімін өткермеген курсанттар шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткенге дейін бұдан әрі әскери қызметке жалпы негіздерде шақырылады.

159. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылуына байланысты әскери қызметшілерді босату Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлығы күшіне енген күнінен бастап Лауазымды тұлғалар тізбесіне сәйкес лауазымды тұлғаның шешімімен жүргізіледі.

160. Келісім-шарт бойынша әскери қызметшілер Заңның 37-бабының 2-тармағымен айқындалған негіздемелер бойынша мерзімінен бұрын босатылады.

161. Ұйымдық-штаттық іс-шараларға байланысты босату мынадай жағдайларда

ж ү р г і з і л е д і :

1) оның кәсіби даярлығының деңгейіне сәйкес әскери лауазымдарда пайдалану мүмкін болмағанда (әскери қызметшінің даярлығы, білім деңгейі, жұмыс тәжірибесі);

2) ұсынылған әскери лауазымдарға тағайындаудан бас тартқан кезде;

3) уәкілетті органның келісім-шарттың талаптарын орындауы мүмкін болмағанда.

162. Мемлекеттік органдарға (мекемелерге) ауысуына байланысты босату мемлекеттік қызметшінің лауазымын көрсете отырып, қызметке қабылдау туралы мемлекеттік органның (мекеменің) тиісті хабарламасы келіп түскен кезде әскери қызметшінің баянаты бойынша жүргізіледі.

163. Келісім-шарт ережелерін орындамауына, сондай-ақ дәлелсіз себептермен қызметке шықпауына байланысты босату әскери бөлімнің (мекеменің) аттестаттау комиссиясы қарағаннан кейін осы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

164. Арнайы тексеруден бас тартқан кезде босату, егер әскери қызметші оған қатысты арнайы тексеру жүргізуден бас тартқан немесе егер оны мемлекеттік құпияларға рұқсатты ресімдеуді талап етпейтін лауазымға тағайындау мүмкін болмаған кезде арнайы тексеру нәтижесі бойынша әскери қызметшіге мемлекеттік құпияларға рұқсатты ресімдеуге кедергі келтіретін мән-жайлар анықталған жағдайда жүргізіледі.

165. Теріс себептер бойынша босату мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) әскери қызметті өткерумен үйлеспейтін, оның ішінде әскери қызмет міндеттерін орындаумен байланысы жоқ, бірақ азаматтар алдында Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың абыройы мен беделін нақты түсіретін теріс қылық жасағанда. Осындай теріс қылықтар әскери қызметшілердің қызметке, сондай-ақ қоғамдық орындарға алкогольдік, есірткілік не уыттық мас күйінде келуі, егер бұл ретте осы адамның тәртібі мен сыртқы пішіні адамның абыройын түсірсе және маңайындағы адамдардың наразылығын тудырса, қызметтік міндеттерін атқару кезінде алкогольдік, есірткілік мас немесе өзге де түрдегі улану жай-күйін тудыратын заттарды т ұ т ы н у б о л ы п т а б ы л а д ы ;

2) қызметтік жағдайын жеке пайдакүнемдік мақсатта пайдаланғанда;

3) теріс қоғамдық наразылық тудыратын әскери қызметшілер арасындағы жарғыдан тыс қарым-қатынас орын алғанда;

4) кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрімен, оның ішінде коммерциялық делдалдықпен айналысқанда;

5) қызметтік жағдайын пайдалана отырып, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындағанда және сол үшін заңсыз сыйақылар алғанда;

6) әскери қызметшілер жарақат пен аварияны қоса алғанда, ауыр салдарларға әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін қауіпсіздік, оның ішінде өрт қауіпсіздігі немесе көлік қозғалысының қауіпсіздік шараларын бұзғанда;

7) заңды күшіне енген сот үкімімен немесе қаулысымен белгіленген әскери қызмет орны бойынша мүлікті (соның ішінде ұсақ мүлікті) ұрлағанда;

8) тәрбиелеу функцияларын орындайтын әскери қызметшілер атқарып отырған лауазымында болумен үйлеспейтін қылықтар жасағанда;

9) ақшалай қаражатқа немесе әскери мүлікке тікелей қызмет көрсететін әскери қызметшілер кінәлі іс-әрекеттер жасағанда, егер осы іс-әрекеттер командирдің (бастықтың) тарапынан оған сенімді жоғалту үшін негіздемелер тудыратын болса;

10) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария еткенде;

11) әскери қызмет, еңбек туралы заңнамада және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада айқындалған өзге де жағдайларда.

166. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің Заңның 37-бабы 3-тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес әскери қызметтен мерзімінен бұрын босатылуға құқығы бар.

167. Әскери қызметші, оны Қазақстан Республикасының Парламентіне сайлаған жағдайда, депутаттың лауазымына кірісуі туралы хабарламаның негізінде мерзімінен бұрын босатылу құқығы бар.

Әскери қызметшіні жергілікті өкілетті органдарға сайлаған күннен бастап ол баянат және хабарлама негізінде босатылады.

168. Сот болып сайланған немесе сот лауазымына тағайындалған жағдайда әскери қызметші оны тағайындау туралы тиісті актінің немесе оны сайлағаны туралы уәкілетті органның хабарламасы негізінде мерзімінен бұрын босатылуға құқығы бар.

169. Шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші Заңның 37-бабының 4, 5-тармақтарымен айқындалған жағдайлар бойынша мерзімінен бұрын босатылуға құқығы бар.

170. Шақыру бойынша әскери қызметшілерді мерзімінен бұрын босату әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы, отбасылық-мүліктік тексеру актісі және босату жағдайларын растайтын басқа да құжаттар негізінде жүргізіледі.

171. Белгіленген мерзімін өткерген адамдарды әскери қызметтен босату оны қолдану кезеңінде төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайда тоқтатылады.

172. Әскери қызметтен әскери қызметшіні босату күні ол әскери бөлім бойынша бөлімнің жеке құрамының тізімінен бұйрықпен шығарылған күн болып саналады.

173. Әскери қызметтен босатылған адамдар босату туралы бұйрық жарияланған күнінен бастан бір айдан кешіктірмей, жоғары тұрған қолбасшылыққа немесе сотқа осы шешімге шағымдануға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Қарулы  
Күштерінде, басқа да әскерлері мен  
әскери құралымдарында әскери  
қызмет өткеру ережесіне

1-қосымша

\_\_\_\_\_ құрамының лауазымдарында әскери қызмет  
өткеру туралы үлгі келісім-шарт

\_\_\_\_\_ атынан

(уәкілетті мемлекеттік органның атауы, оның орналасқан жері)

\_\_\_\_\_ (уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамы - жергілікті әскери

\_\_\_\_\_ басқару органы басшысының атағы, тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы) және \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіретін адамның тегі, аты,

\_\_\_\_\_ әкесінің аты, оның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі мен \_\_\_\_\_ б е р і л г е н \_\_\_\_\_ к ү н і ,

\_\_\_\_\_ әлеуметтік жеке кодының нөмірі

\_\_\_\_\_ салық төлеушінің тіркеу нөмірі)

заңнамада және осы келісім-шартта белгіленген талаптарда \_\_\_\_\_ құрамының лауазымдарында \_\_\_\_\_ мерзімге осы Әскери қызмет өткеру туралы \_\_\_\_\_ келісім-шартты \_\_\_\_\_ жасасты.

1. \_\_\_\_\_ құрамының лауазымына келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіретін адам "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) көзделген шарттармен таныстырылды және әскери қызметтің зиянды және қауіпті жағдайлары туралы, сондай-ақ әскери қызмет міндеттерін атқаруға байланысты шектелген құқықтары туралы ескертілді.

2. \_\_\_\_\_ құрамының лауазымына келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіретін адам өз еркімен мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарлықтарын сақтауға;

2) келісім-шарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер үшін қолданыстағы заңнамада белгіленген шектеулерді қ а б ы л д а у ғ а ;

3) келісім-шартқа негізделген әскери қызмет міндеттерін адал о р ы н д а у ғ а ;

4) әскери тәртіп пен қызмет этикасы ережелерін сақтауға;

5) қызмет процесінде мемлекеттік мүлікке зиян келтіруге жол б е р м е у г е ;

6) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарлықтарында белгіленген мерзімде тиісті лауазымды адам тағайындайтын лауазымды

қ а б ы л д а у ғ а ;

- 7) оған берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттігін жүзеге асыруға;
- 8) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, оның ішінде әскери қызметті тоқтатқаннан кейін де Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген уақыт ішінде жария етпеуге;
- 9) адамдардың өмірі мен денсаулығына және мүліктің сақталуына қауіп төндіретін ахуал туралы хабарлауға;
- 10) берілген өкілеттіктер шегінде командирлер (бастықтар) және өзге де лауазымды адамдар берген бұйрықтар мен өкімдерді орындауға міндеттенеді.

3. \_\_\_\_\_ құрамының лауазымына келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіретін адамның мынадай құқығы бар:

1) Заңда көзделген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңнамасымен кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) жеке ар-намысының құрметтелуіне, командирлер (бастықтар) және өзге де лауазымды адамдар тарапынан өзіне әділ және сыйластық қ а р ы м - қ а т ы н а с қ а ;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормалар бойынша және тәртіппен мемлекет есебінен ақшалай, заттай және басқа да үлес түрлерімен қамтамасыз етілуге;

4) біліктілігін, қабілетін, өзінің қызметтік міндеттерін адал орындағанын ескере отырып, қызметі бойынша жоғарылауға;

5) негізсіз кінәлаулар болған кезде қызметтік тексеруді талап е т у ғ е ;

6) Заңда және Әскери қызмет өткеру ережесінде көзделген шарттарда уәкілетті мемлекеттік органмен келісім-шартты ұзартуға, өзгертуге және б ұ з у ғ а ;

7) қауіпсіздік техникасы мен гигиена талаптарына жауап беретін қызмет жағдайларына;

8) әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына немесе жеке мүлкіне келтірілген зиянның орнын т о л т ы р у ғ а ;

9) қызметтік міндеттерін орындауға байланысты туындаған дауларды тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен шешуге;

10) мемлекеттік уәкілетті органнан келісім-шартта тарапты білдіретін лауазымды адамның өкілеттігін растауды талап етуге;

11) өз кәсіптік біліктілігін арттыруға;

12) Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй-жаймен қамтамасыз етілуге;

13) қолданыстағы заңнамада көзделген басқа да кепілдіктер мен өтемақылардың берілуіне.

4.

(уәкілетті мемлекеттік органның атауы)  
келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіретін адамды

(келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіретін адамның тегі, аты, әкесінің аты)

қ а б ы л д а й о т ы р ы п :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және келісім-шартқа сәйкес әскери қызметтің тиісті деңгейін қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нормалар бойынша және тәртіппен әскери қызметшіні ақшалай, заттай және басқа да үлес түрлерімен, сондай-ақ оның әскери қызмет міндеттерін атқаруы үшін қажетті құралдармен және материалдармен қамтамасыз етеді ;

3) осы келісім-шартты жасасу кезінде келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіретін адамды лауазымдық міндеттерімен және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде айқындалған әскери қызмет өткеру шарттарымен таныстырады;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінде көзделген тәртіппен және шарттарда әскери қызметшіге әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына немесе жеке мүлкіне келтірілген зиянның орнын толтыруды қамтамасыз етеді ;

5) келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіретін адамды әскери қызметтің зиянды және қауіпті жағдайлары және кәсіби аурумен ауыру мүмкіндігі туралы, сондай-ақ әскери қызмет міндеттерін атқаруға байланысты құқықтарының шектелуі туралы ескертеді;

б) әскери қызметшіні келісім-шартта көзделген лауазымға тағайындау туралы бұйрық шығарады.

5. Уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды адамының мыналарға құқығы бар :

1) Заңда және Әскери қызмет өткеру ережесінде белгіленген шарттарда келісім-шарт бойынша әскери қызметке кіретін (кірген) адаммен келісім-шарт жасасуға оны ұзартуға, өзгертуге, бұзуға және тоқтатуға ;



2) келісім-шарт жасасқан кезде әскери қызметке кіретін адамнан Әскери қызмет өткеру ережесінде көзделген құжаттарды ұсынуды талап етуге;

3) өз өкілеттігі шегінде бұйрықтар шығаруға;

4) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғыларында белгіленген тәртіппен көтермелеуге және тәртіптік жаза қолдануға.

6. \_\_\_\_\_ құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткеру туралы келісім-шарт әскери бөлім командирінің әскери бөлімнің тізіміне қабылдау туралы бұйрығы шыққан күннен бастап күшіне енеді және ол жасалған мерзім өткеннен кейін немесе бұзылуына байланысты өз қолданысын тоқтатады.

Әскери қызметтің басталғаны мынадай күн болып есептелсін:

\_\_\_\_\_ (әскери бөлім командирінің әскери бөлімнің тізіміне қабылдау туралы бұйрығы шыққан күн)

7. Келісім-шарттың талаптары тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады, тараптардың даулары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

8. Келісім-шарт \_\_\_\_\_ данада, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды, оның бір данасы келісім-шарт бойынша әскери қызметке кірген адамға беріледі.

9. Қосымша талаптар \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (келісім-шарт бойынша әскери қызметке

\_\_\_\_\_ (уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды

\_\_\_\_\_ кіретін адамның тегі, аты, әкесінің

\_\_\_\_\_ адамының тегі, аты, әкесінің аты) аты)

\_\_\_\_\_ (жеке қолы)

\_\_\_\_\_ (жеке қолы)

М.О.

200\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

200\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери

2-қосымша

**Әскери қызметшінің отбасы жағдайын тексерудің  
үлгі актісі**

200\_\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

1. Құрамында жергілікті әскери басқару органының өкілі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, лауазымы, тегі мен аты-жөні)  
білім беру ұйымының өкілі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ және  
\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі мен аты-жөні)

өзге де ұйымның өкілі \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі мен аты-жөні)

б а р к о м и с с и я

\_\_\_\_\_ (әскерге шақырылушының (әскери қызметшінің) тегі, аты-жөні, туған жылы)

отбасы жағдайына тексеру жүргізді.

2. Әскери бөлімнің шартты атауы мен мекен-жайы \_\_\_\_\_

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери оралымдарына қандай шақыру комиссиясы шақырды

4. Әскери бөлімге қашан жіберілді (жылы, айы) \_\_\_\_\_

5. Қайда жұмыс істеді (істеген жоқ), оқиды (оқыған) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы, жалақысының мөлшері, сынып нөмірі, оқу орнының курсы  
к ө р с е т і л с і н )

6. Өз асырауында кімді ұстайды немесе ұстаған \_\_\_\_\_

7. Тексеру күні әскери қызметшінің отбасы

P/c N	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Туыстық қатынасы	Тұрғылықты жері	Денсаулық жағдайы (мүге- дектік тобы	Лауазымы, жалақысының (зейнет- ақысының) мөлшері
1	2	3	4	5	6	7

8. Әскери қызметші отбасының тұрғын үймен қамтамасыз етілуі

9. Әскери қызметші отбасының өмір сүруіне қаражат көздері

10. Ата-аналарынан бөлек тұратын аға-інілері мен апа-қарындастары

P/c N	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Туыстық қатынасы	Тұрғылықты жері	Денсаулық жағдайы (мүге-дектік тобы)	Лауазымы, жалақысының (зейнет-ақысының) мөлшері
1	2	3	4	5	6	7

11. Әскери қызметшінің аға-інілері мен апа-қарындастары тарапынан ата-аналарына қандай көмек көрсетіледі

12. Әскери қызметшінің отбасы неге мұқтаж, отбасына қандай және кім арқылы материалдық көмек көрсетілді немесе көрсетіледі

13. Әскери қызметшінің отбасы жағдайына тексеру жүргізген комиссияның тұжырымы мен ұсыныстары

Комиссия мүшелерінің қолдары

-----  
-----  
-----  
-----

14. Жергілікті әскери басқару органының қорытындысы

М.О \_\_\_\_\_ жергілікті әскери басқару органының бастығы

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, қолы)

200\_\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

15. Облыстық әскери басқару органы бастығының қорытындысы

М.О \_\_\_\_\_ облыстық әскери басқару органының бастығы

\_\_\_\_\_ (әскери атағы, қолы)

200\_\_ж.

" \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының Қарулы  
Күштерінде, басқа да әскерлері мен  
әскери құралымдарында әскери  
қызмет өткеру ережесіне

3-қосымша

**Үлгі ұсыныс**

(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты, атқаратын лауазымы және қай  
у а қ ы т т а н б е р і ,

штат бойынша әскери атағы мен штат нөмірі)

(штат бойынша лауазым атауы, штат нөмірі, штаттық-лауазымдық санаты)

\_\_\_\_\_ ұсынылады.

Т у ғ а н \_\_\_\_\_ ж ы л ы ,

айы, күні \_\_\_\_\_ Туған жері \_\_\_\_\_

Ұлты \_\_\_\_\_ Жеке нөмірі \_\_\_\_\_

Б і л і м і :

а) азаматтығы \_\_\_\_\_

б) әскери (әскери-арнаулы) \_\_\_\_\_

Қандай тілдерді, қандай дәрежеде Шетелде болған ба (қашан, қайда) меңгерген

Мемлекеттік наградалары бар ма Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысуы, (қандай) жараланғаны

Әскери атақ \_\_\_\_\_ берді  
(кім, қашан, бұйрық нөмірі, беру түрі)

Қарулы Күштерде \_\_\_\_\_

Отбасы жағдайы (отбасы құрамы) \_\_\_\_\_

\_\_ ж. аттестаттау бойынша тұжырым \_\_\_\_\_

### Еңбек қызметі мен әскери қызметі

Жылы мен айы		Лауазым атауы
кірді	кетті	

### 2. Ұсынысқа негіздер

(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі)

200 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

### 3. Тікелей бастықтардың қорытындысы

(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі)

2 0 0 \_\_ ж . " \_\_ " \_\_\_\_\_

(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі)

М.О.

200 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі)

200 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

### 4. Бұйрық шығаратын кадр органы инстанциясының пікірі

(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі)

200 \_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

## 5. Ұсыным бойынша шешім

**Құжаттың тіркелгені туралы белгілер**  
(инстанция бойынша іс жүргізуде)

Қазақстан Республикасының Қарулы  
Күштерінде, басқа да әскерлері мен  
әскери құралымдарында әскери  
қызмет өткеру ережесіне

4-қосымша

**Аттестаттауға жататын әскери қызметшіге  
үлгі аттестаттау парағы**

Аттестаттау түрі: кезекті - ; қайтадан - ; (қажеттісі Х белгісімен белгіленсін)

200\_\_ж. \_\_\_\_\_ - 200\_\_ж. \_\_\_\_\_ кезең үшін

1. Әскери атағы \_\_\_\_\_
2. Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_
3. Атқаратын лауазымы, тағайындалған күні \_\_\_\_\_

4. Әскери атақ берілген күн \_\_\_\_\_

5. Жеке нөмірі \_\_\_\_\_

6. Туған жылы, айы, күні 19\_\_ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

7. 200\_\_ж. \_\_\_\_\_ соңғы аттестаттау бойынша тұжырым \_\_\_\_\_

8. Білімі туралы, біліктілігін арттыру, қайта даярлау туралы мәліметтер (қашан және қандай оқу орнын аяқтады, білімі бойынша мамандығы мен біліктілігі, біліктілігін арттыру қайта даярлау туралы құжаттары, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, олардың берілген күні)

9. Күнтізбелік есептеуде еңбек сіңірген жылдары \_\_\_\_\_  
жеңілдіктерді есептеуде \_\_\_\_\_

10. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің айтқан ескертулері мен ұсыныстары: \_\_\_\_\_

11. Аттестатталушының пікірі: \_\_\_\_\_

12. Аттестатталушының қызметтік мінездемесіне сәйкес тікелей бастықтың әскери қызметшінің қызметіне беретін бағасы

---

---

13. Отырысқа аттестаттау комиссиясының мүшесі қатысты.

14. Аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесі толтыратын қоса беріліп отырған бағалау парағына сәйкес дауыс беру нәтижелері бойынша әскери қызметшінің қызметіне берілетін баға:

---

---

---

15. Аттестаттау комиссиясының ұсынымы (олар бойынша берілетін уәждерді көрсетумен)\_\_\_\_\_

---

---

16. Ескертпелер

---

---

---

Аттестаттау комиссиясының төрағасы:\_\_\_\_\_ (қолы, тегі, аты-жөні)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы:\_\_\_\_\_ (қолы, тегі, аты-жөні)

Аттестаттау комиссиясының мүшелері:\_\_\_\_\_ (қолы, тегі, аты-жөні)

-----  
(қолы, тегі, аты-жөні)

-----  
(қолы, тегі, аты-жөні)

-----  
(қолы, тегі, аты-жөні)

Аттестаттау өткізілген күн: 200\_\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Аттестаттау қорытындылары бойынша мемлекеттік орган басшысының шешімі\_\_\_\_\_

---

---

Аттестаттау парағымен таныстым:\_\_\_\_\_ (әскери қызметшінің қолы,

тегі, аты-жөні, күні)

М е м л е к е т т і к о р г а н

мөрінің орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК